

«АСАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫ ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ФИЛИАЛЫНЫҢ ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖЕР
КАДАСТРЫ БӨЛІМІ
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА
ТІРКЕУ 2022 ж. « 31 » 08 ЖҮРГІЗІЛДІ
БСН 990140002836
№ 60-1980-23-Н40-11
Басталқы тіркелген күні
1999 ж. « 22 » 01

«Ұлытау облысының
экономика басқармасы»
мемлекеттік мекемесінің



2022 ж. « 10 » тамыз
№ _____
бұйрығымен

бекітілген

Ұлытау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі
басқармасының
«Мәкен Төрегелдин атындағы Жезді кентіндегі тау-кен және балқыту ісі
тарихы музейі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының
ЖАРҒЫСЫ

Жезді кенті, 2022 ж.

1. Жалпы ережелер

1. «Мәкен Төрегелдин атындағы Жезді кентіндегі тау-кен және балқыту ісі тарихы музейі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны Ұлытау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы (бұдан әрі - Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын Ұлытау облысы әкімдігінің 2022 жылғы 10 тамыз № 08/01 «Кейбір ұйымдарды қайта атау туралы» қаулысымен құрылды.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Ұлытау облысының әкімдігі болып табылады.

4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын, мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын Ұлытау облысының әкімдігі жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган «Ұлытау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып табылады.

6. Кәсіпорынның толық атауы: Ұлытау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының «Мәкен Төрегелдин атындағы Жезді кентіндегі тау-кен және балқыту ісі тарихы музейі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: 101508, Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Жезді кенті, Қожабай көшесі, 4 үй.

2. Мемлекеттік Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

8. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады.

9. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

10. Кәсіпорын Ұлытау облысы әкімдігінің келісімімен басқа заңды тұлға құра алады, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорын қызметінің мәні: тау-кен және балқыту ісі тарихын, Орталық Қазақстан аймағын ежелден мекен еткен халықтардың материалдық мәдениетінің пайда болуы мен дамуын зерттеу болып табылады.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаттары:

1) тарихи-мәдени құндылықтарды сақтауды, түгендеуді, жинақтауды, жаңғыртуды қамтамасыз ету;

2) аймақтағы тау-кен және балқыту ісі, мәдени мұра тарихын, аймақ халқының материалдық мәдениетінің жетістіктерін, салт-дәстүрін мақсатты насихаттау;

3) музей қызметі арқылы жалпы жұртшылық пен жеткіншектерге эстетикалық, адамгершілік, отансүйгіштік тәрбие беруді қамтамасыз ету;

4) халықаралық мәдени шараларға, ғылыми конференциялар мен басқа да акцияларға қатысу болып табылады.

14. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) музей қорын ғылыми жинақтау, экспозицияларды толықтыру, жаңарту мақсатында Қазақстан Республикасының территориясындағы ежелгі және қазіргі кен өндіру, балқыту, өндеу орындарына ғылыми-іздістіру іссапарларын жүзеге асыру;

2) мемлекеттік архивтерде, кітапханаларда, жеке коллекцияларда және басқа да музейлер қорында сақталған деректерді іздестіріп, зерттеу;

3) халық арасынан сирек кездесетін тарихи және этнографиялық материалдарды тауып, сатып алу;

4) өндіріс, кәсіпорын ардагерлері мен оқу орындарынан, тарихи оқиғалар куәгерлерінен материалдар жинақтауды ұйымдастыру;

5) музейдің тұрақты экспозициялары мен көрмелерін және қор коллекцияларын пайдаланып бұқаралық ғылыми-ағартушылық жұмыстар жүргізу;

6) тұрақты және жылжымалы көрмелер бойынша тақырыптық және жалпы шолу экскурсияларын жүргізу;

7) алыс елді мекендерге жылжымалы қызмет көрсету;

8) жоғары оқу орындары студенттері, оқушылармен музей базасында тақырыптық лекциялар, саяхат-сабақтар жүргізу;

9) өлкетану жұмыстары жөнінен қоғамдық және мектеп музейлеріне әдістемелік көмек көрсету;

10) мемлекеттік және қоғамдық мекемелермен, шығармашылық одақтармен, әскери бөлімдермен, коммерциялық ұйымдармен келісімшарттар жасау;

11) музей қоры жөнінде ғылыми каталогтар, музей көрмелері мен тарихи орындар жолсілтемелерін, буклеттер, музей іс-шаралары жөнінде басқа да ақпараттық деректерді құрастыру, шығару.

15. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

16. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы немесе оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі «Ұлытау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы» мемлекеттік мекемесі немесе Ұлытау облысының әкімдігі және прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

17. Кәсіпорын басшысының заңды тұлғаның жарғыдан тыс қызметті жүзеге асыруға бағытталған іс-қимылдары еңбек міндеттерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкеп соғады.

4. Кәсіпорынды басқару

18. Ұлытау облысының әкімдігі:

1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оны кепілдікке беру туралы шешім қабылдайды.

«Ұлытау облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесі:

1) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

2) коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітеді;

3) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

4) Кәсіпорынның мүлік пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды.

«Ұлытау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы» мемлекеттік мекемесі:

1) Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметінің басым бағыттарын және міндетті жұмыс (қызметтер) көлемін анықтайды;

2) Кәсіпорынның даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

4) Кәсіпорынның мүлкін пайдалануға және сақтауға бақылауды қамтамасыз етеді;

5) Кәсіпорын мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

6) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Кәсіпорынның органы оның басшысы болып табылады.

20. Басшыны тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу, Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша жүзеге асырылады.

21. «Ұлытау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы» мемлекеттік мекемесі Кәсіпорынның басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

Еңбек шартында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен белгіленген жағдайлардан басқа, бюджетке таза табыстың белгіленген бөлігі уақтылы аударылмағаны үшін Кәсіпорын басшысының жауапкершілігі айқындалады.

22. Кәсіпорынның басшысы Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметіне және мүлкінің сақталуына дербес жауапты болады.

23. Кәсіпорынның басшысы Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекетті ұйымдастыруға дербес жауапты болады.

24. Басшы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

25. Басшы:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады. «Ұлытау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының ұсынысы бойынша қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын Кәсіпорын қызметкерлерінің номенклатурасы осы Жарғыда белгіленеді.

8) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін «Ұлытау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы» мемлекеттік мекемеге кандидатуралар ұсынады;

9) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

10) «Ұлытау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы» мемлекеттік мекемесінің келісімі бойынша, Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

11) Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелерді бекітеді;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынның мүлкі

26. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

27. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

28. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктің;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

29. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

30. Шаруашылық жүргізу жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

31. Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

32. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке шаруашылық жүргізу жедел басқару құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

33. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу, сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

34. Кәсіпорынның мүлкіне шаруашылық жүргізу жедел басқару құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ осы Жарғының 35-тармағында көзделген жағдайда тоқтатылады.

35. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, «Ұлытау облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесі мен «Ұлытау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы» мемлекеттік мекемесінің келісімі бойынша Кәсіпорыннан жедел басқару

құқығында бекітілген мүлікті алып қоюға немесе оны өзі құрған басқа заңды тұлғалар арасында қайта бөлуге құқылы.

36. Шаруашылық жүргізу жедел басқару құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімінде «Ұлытау облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесі Кәсіпорынға оны өзге тұлғаға бергенге дейін ұстауын және сақталуын қамтамасыз етудің мерзімдерін белгілейді.

37. Осы Жарғының 33-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті жазбаша келісімімен ғана «Ұлытау облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесі беруге және есептен шығаруға құқылы.

38. Кәсіпорын оған шаруашылық жүргізу құқығында жедел басқару құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

6. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

39. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

Кәсіпорынның даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

40. Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігін аудару нормативін Ұлытау облысының әкімдігі белгілейді.

Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігі белгіленген нормативтер бойынша Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде белгіленген тәртіппен республикалық бюджетке аударылуы тиіс.

Кәсіпорын таза табысының бір бөлігін республикалық бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

41. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді дербес жүзеге асырады.

42. Кәсіпорын жедел басқару құқығындағы өндіретін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары Кәсіпорынның оларды өндіруге жұмсаған шығындарын толық өтеуді, оның қызметінің залалсыздығын және өз табыстары есебінен қаржыландырылуын «Ұлытау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы» мемлекеттік мекемесі қамтамасыз етуге тиіс.

43. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның Жарғысында көзделмеген қызметті жүзеге асырудан осы кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

7. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

44. Кәсіпорынның жарғылық капиталы жедел басқару құқығындағы меншік иесінен жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін басқаруға алынған мүліктен қалыптасады.

8. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

45. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің «Ұлытау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы» мемлекеттік мекемесінің келісімі бойынша халықаралық стандарттарына және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына жедел басқару құқығындағы сәйкес Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

46. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

9. Кәсіпорынның жауапкершілігі

47. Жедел басқару құқығындағы Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Ақша жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе Ұлытау облысының тиісті бюджет қаражатымен субсидиялық жауаптылықта болады.

10. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

48. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

49. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

11. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

50. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын «Ұлытау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы» мемлекеттік мекемесі белгілейді.

51. Еңбекақы төлеу нысандарын, лауазымдық жалақылар мөлшерін, сыйақы беру және өзге сыйақы жүйесін белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын дербес айқындайды. Кәсіпорынның штат кестесі «Ұлытау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысының бұйрығымен бекітіледі.

52. Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, лауазымдық айлық ақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін «Ұлытау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы» мемлекеттік мекемесі белгілейді.

12. Халықаралық байланыстылық

53. Кәсіпорын белгіленген тәртіп бойынша халықаралық байланысты жүзеге асырады.

13. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

54. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Ұлытау облысы әкімдігі шешімі бойынша жүргізіледі.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

55. Кәсіпорынның таратылуын және қайта құрылуын «Ұлытау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы» мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

56. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін таратылған Кәсіпорынның мүлкін «Ұлытау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы» мемлекеттік басқармасы қайта бөледі.

Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

14. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

57. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар «Ұлытау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы» мемлекеттік мекемесінің ұсынысы бойынша мемлекеттік мүлік жөніндегі «Ұлытау облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесінің бұйрығымен енгізіледі.

Ұлытау облысының мәдениет,
тілдерді дамыту және архив ісі
басқармасының
«Мәкен Төрегелдин атындағы
Жезді кентіндегі тау-кен және
балқыту ісі тарихы музейі»
ҚМҚК-ның директоры


(қолы)

3. З. Казанбаева